

Ә.Н. Насыртыдинова

С.Сейфуллин ат. ҚазАТУ ассистенті, Астана қ.

ГРАММАТИКАЛЫҚ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ЛЕКСИКАЛАНУЫ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР

Тіл білімінің сөзжасам тарихында сөз тіркестерінің лексикалық бірлікке айналуы арқылы жасалған атау сөздер көптеп кездеседі. Бұл үдерісті тілші ғалымдар сөзжасамның ең бір өнімді және оның ішінде көне тәсілдерінің біріне жатқызады [1, 310]. Лексикалану үдерісіне түсіндірмелі сөздіктерде түрлі анықтама беріледі. Мәселен, «лексикалану сөз құрамындағы кейбір морфемалардың немесе сөз тіркестерінің тұрақты сипат алу нәтижесінде олардың жеке сөзге парапар қолданылуы» [2, 196]. Ғ.Қалиевтің авторлығымен жарық көрген «Тіл білімі терминдерінің түсіндірмелі сөздігінде» лексикалану ұғымына осындай анықтама берілсе, «Қазақ тілі энциклопедиясында» бұл мәселені былай бейнелейді: «Лексикалану тіл құрамындағы белгілі бір элементтің немесе сөз тіркестерінің дербес атауыш сөз мағынасын иеленуі немесе тұрақты тіркестің біртұтас сөз мағынасында жұмсалыуы» [3, 254]. Яғни, сөз тіркестерінің лексикалануы дегеніміз – грамматикалық байланысқа түскен дербес лексикалық мағынаға ие сөздерден жасалған синтаксистік құрылымдардың уақыт өте келе атауыш сөздерге айналуы.

Лексикалану үдерісі – барлық тілде кездесетін құбылыс. Мәселен, В.Ярцева ағылшын тіліндегі сөз тіркестерінің лексикалануы туралы былай дейді: «Анализ истории словосочетаний в английском языке показывает, что многих случаях их преобразования идет по пути утраты одним из членов словосочетания его лексического значения и превращения его в служебное слово. Тогда глагольное словосочетание с течением времени превращаются в служебную форму глагола» [1,310].

Бұл сияқты пікірлерді қазақ тілін зерттеуші ғалымдар еңбектерінен де байқауға болады. Тілші ғалымдар К.Аханов, А.Ысқақов т.б. пікірлеріне сүйенсек, қазақ тіліндегі күрделі сөздердің негізгі шығу көзі – осы лексикалану үдерісі. Мысалы, қазақ тілінде ертеден келе жатқан алтыбақан, киіз үй секілді көптеген сөздердің жасалу жолдарын зерделесек, оларға осы лексикалану үдерісінің негіз болғанын байқаймыз. Яғни, алты және бақан деген екі сөздің қабыса тіркесуінен жасалған сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің бара-бара дербес мағынасы көмескіленіп, жаңа бір атау ретінде қалыптасқан. Ал киізден жасалған

үй деген мағынаны білдіретін киіз және үй сөздерінен құралған сөз тіркесі құрамындағы сөздер де бірігіп, бір заттың атауын беретін мағынаға ие болған. Алғашқы сөздегі «алты» сөзі «бақан» сөзінің санын білдіріп, сөйлемде бір кездері жеке сөйлем мүшесі, анықтауыш қызметін атқарған. Ал екінші сөздегі «киіз» сөзі де «үй» сөзінің сапасын білдіріп, қандай деген сұраққа жауап беретін дербес мағыналы сөз болған. Алайда уақыт өте келе, осы тіркесте жиі қолданылуынан аталған сөздер бірігіп, бір мағынаны білдіретін болған да, жеке атау ретінде қалыптасқан. Сөйтіп, бір кезде жеке-жеке мағыналы екі сөздің қосындысынан жаңа бір атау пайда болған. Тіл білімінде лексикалану үдерісі тек сөздердің тіркесуі арқылы ғана емес, қос сөз, біріккен, кіріккен сөз ретінде де көрініс тапқан. М.Балақаев пен Т.Сайранбаев бұндай сөз мағыналарының басқа атауға айналуын екінші рет атауыш дәрежесіне көтерілу (вторичная номинация) деп түсіндіреді [4, 31].

Сонымен, сөз тіркестерінің лексикалану үдерісі қазақ тіліндегі терминжасам тәсілдерінің біріне жатады. Қазақ тіл білімінде бұл тәсіл арқылы жасалған атау сөздер, терминдер көптеп кездеседі. Соның ішінде, әсіресе, техникалық терминдерді жасауда бұл үдеріс маңызды орын алады. Себебі, техника саласында күрделі сөздер, яғни күрделі терминдер көп ұшырасады. Ал А.Б.Сқақовтың пікіріне сүйенсек, «Күрделі сөздердің қай-қайсысы болса да, әуел бастағы жай сөз тіркестерінен шыққан. Бұлардың қалыптасуына әр қилы синтаксистік амал-тәсілдер негіз болған. Кейбір сөздер бастапқы синтаксистік жай тіркестерінің компоненттері бір-бірімен бірігу арқылы туса, кейбір күрделі сөздер жарыса, қабаттаса қолданылған компоненттердің қосарлануы арқылы жасалған. Ал, кейбір күрделі сөздер әуелгі еркін сөз тіркесінің тұрақты тіркеске айналуы арқылы қалыптасқан» [5, 93].

Сөз тіркесінің лексикалану үдерісі терминдерді, соның ішінде техникалық терминдерді жасауда да маңызды орын алады. Себебі терминжасамда тіл біліміндегі барлық тәсілдер қолданылады. Мәселен, техника саласындағы «*шынжыртабан*» терминін осы тұрғыдан талдар болсақ, *шынжыр* және *табан* деген екі сөздің бірігуінен жасалған бұл атаудың құрамындағы шынжыр сөзі табан сөзіне негізінен анықтауыш ретінде жұмсалғанын байқаймыз. Терминжасам заңдылығына сай екі сөз бірігіп, мағынасы жағынан да бірлесіп, ауылшаруашылық техникасы атауын білдіреді. Яғни бастапқыда қабыса байланысып, сөз тіркесін құраған екі сөз жаңа терминдік сипат алған. Бұдан басқа «*ақауатқы*» терминін алып қарар болсақ, құрамындағы сөздер негізінен бастапқыда *ақауды табу* деп матаса тіркескен. Сөйтіп табу етістігінен *-қы, -кі, -ғы, -гі* жұрнағы арқылы тапқы деген құрал атауын білдіретін зат есім туындап, *ақауды табатын құрал* атауы қалыптасқан. Тіл білімінде бұл *-қы, -кі, -ғы, -гі* жұрнағы арқылы етістіктен туатын зат есімдер мағына

жағынан аса бай, солардың ішінде, әсіресе, туынды зат есімдер, құрал, ас жабдықтары атаулары көп ұшырасады. Мысалы, *сүзгі, шанышқы, қондырғы, бұрғы, шалғы* атауларында аталған жұрнактар өздері жалғанған етістікті, іс-әрекетті іске асыратын құрал деген мағынаны аңғартады.

Техникалық терминдер жасауда негізінен зат есімді, сын есімді, етістікті сөз тіркестері қолданылады. Оған мысал ретінде қазақ тіліндегі алғашқы сөздіктер – «Пән сөздері» мен «Атаулар сөздігінде» берілген зат есім *тұлғалы үгіт соты (агитсуд), үгіт насихат бөлімі (агитпрот), шаруа маманы (агроном), сан жүйесі (арифметика), өмірбаяны (биография)*; сын есім *тұлғалы жансыз баршы (агентурная разведка), атұлтан (адъютант), қағаз ақша (ассигнация), сауытты аптембөл (броневой автомобиль), өзекті зат (органическое вещество)*; етістік *тұлғалы бала түсіру (аборт), дыбыс тану (акустика), аспан тану (астрономия), есеп жүргізу (бухгалтерия), сумен емдеу (гидропатия, гидротерапия)* сияқты көптеген терминдерді атауға болады.

Ғылыми әдебиеттерде есім тұлғалы сөз тіркестерін былай жіктеу орын алған:

1. бір затты басқа затқа арнау мағынасында қолданылатынын білдіреді: ат қора – ат тұратын қора, шай кесе – шай ішуге арналған кесе;
2. заттың неден, қандай заттан жасалғанын, оның сынын білдіреді, темір пеш (темірден жасалған пеш), ағаш күрек (ағаштан істелген күрек), күміс қасық (күмістен жасалған қасық), тас жол;
3. салыстыру, тенеу мақсатында жұмсалады: қамыс құлақ – аттың құлағы қамыстай;
4. бір зат екінші затты мекеніне қарай анықтайды: тау теке, көл бақа, төс қалта;
5. заттың өлшемдік мағынасын білдіреді: қап-қап астық, бір асым ет;
6. кәсіп дәрежені білдіреді: бас маман, аға лейтенант;
7. даралау мағынасында жұмсалады: қайың ағаш [4, 45].

Осы тұрғыдан саралайтын болсақ, қазақ тілінде бір затты екінші затқа арнау мағынасында қолданылатын сөз тіркестерінің лексикалануы арқылы техникалық терминдер жасалған. Мысалы, *діріл үстелі (виростол), көшіру әдісі (метод копирования), жел энергиясы (энергия ветра)* терминдері негізінен дірілге арналған, діріл жүзеге асатын үстел, көшіруге, көшірмесін жасауға арналған әдіс, желден алынатын энергия деген мағынадағы сөздердің матаса байланысуы арқылы қалыптасқан. Бұл сияқты матаса байланысу жолымен жасалған техникалық терминдер қатарына *бейнелеу нүктесі (изображающая точка), бекіту сынасы (крепёжный клин), бұру барабаны (поворотный барабан), тау-кен машинасы (горная машина), тұтқырлық заңы (закон вязкости), тірек*

сақинасы (опорное кольцо), жағармай сорабы (масляный насос), қысу ашасы (вилка нажимная) т.б. жатады. Бұлардың барлығы да матаса байланысып, бастапқыда бейнелеуге арналған нүкте, бекітуге бағытталған сына, бұруға арналған барабан, тау-кен жұмыстарына арналған машина, тұтқырлықты жүзеге асыруға негізделген заң, тіректің сақинасы, жағармайға арналған сорап, қысуға арналған аша деген мағынаны білдіретін сөздердің тіркесуінен жасалып, терминге айналған.

Техникалық терминдер зат есім мен сын есімнің тіркесіп келуінен де жасалады. Яғни есім сөздердің бірі анықтауыштық қызмет атқара отырып, сөз тіркесін құрайды да, оның лексикалануы арқылы термин туындайды. Мәселен, *айнашақты білік (вал с кривошипом), айналысты беріліс (передача вращения), аспалы тірек (подвесная опора), бөлгіш машина (делительная машина)* т.б. Бұл жерде *айнашақты, айналысты, аспалы, бөлгіш* сөздері өздері байланысқан *білік, беріліс, тірек, машина* сөздерінің сынын білдіріп, анықтауыштық қызмет атқарып, ол терминдердің ерекше қасиеттерін білдіріп тұр. Себебі, бұл сөз тіркестерінің басыңқы сыңарының, яғни терминге негіз болып тұрған сөздің бұдан басқа бірнеше қасиеті, бірнеше түрлері болады. Атап айтсақ, *көмекиші білік (вал вспомогательный), иілгіш білік (вал гибкий), жұдырықшалы білік (вал кулачковый); бас беріліс (передача главная), бұрамалы беріліс (передача винтовая), тісті беріліс (передача зубчатая); қатаң тірек (опора жесткая), қозғалмайтын тірек (опора неподвижная), серіппелі тірек (опора пружинная); игіш машина (машина гибочная), тартқыш машина (машина затяжная), орағыш машина (машина мотальная)* т.б. Яғни, бұл тіркесті терминдерді, бір жағынан, заттың ерекше қасиетін атап, даралау мағынасында жұмсалатын сөз тіркестерінен жасалған деуге де болады.

Заттың өлшемдік мағынасын білдіретін есімді тіркестердің лексикалануы арқылы жасалған техникалық терминдер қатарына *бірмәнді оператор (однозначный оператор), бірқолданымды гидромотор (гидромотор однократного действия), бірөлшемді қозғалыс (одномерное движение), екіөлшемді қозғалыс (двумерное движение), екіқабатты арқалық (двухслойная валка), көпқабатты аралық (многослойная валка), көпқолданымды гидромотор (гидромотор многократного действия), көпөлшемді кеңістік (многомерное пространство), үшфазалы қозғалтқыш (трехфазный двигатель)* т.б. терминдер жатады. Бұл терминдердің алғашқы сыңарларының өзі екі түбірден тұрады, яғни екі сөздің бірігуі (сөз тіркесінің сәйкесінше лексикалануы) арқылы жасалған анықтауыш тұлғалы біріккен сөз өзінен кейінгі сөздің өлшемдік сынын ашып тұр.

Сонымен бірге, жоғарыда аталған *бірқолданымды гидромотор, көпқолданымды гидромотор* терминдерінің құрамындағы гидромотор сөзі де екі негізден тұрады. Бұл жерде біріккен сөз құрамындағы екі

түбір де шет тілі сөзі болып табылады. Терминдер жүйесінде, әсіресе, техника саласындағы күрделі терминдер қатарында бұндай шет тілдік сөздер молынан кездеседі. Олар бірнеше түрде жұмсалады, біріншісі, қазақ тіліндегі сөздермен тіркесіп, бірігіп келеді, екіншісі, шет тілдік сөздермен тіркесіп, бірігіп жұмсалады. Бұл терминдердің жасалуына да лексикалану үдерісінің негіз болғанын байқауға болады. Тек айырмашылығы әр тілдегі сөздердің байланысып, сөз тіркесін құраған.

Қазақ тілінде техникалық терминдер етістікті сөз тіркестерінің лексикалануы жолымен де қалыптасқан. Мысалы, *беттің бұрылуы (кручение поверхности), біртекті сығылу (однородное сжатие), бірқалыпты баялау (равномерное замедление), векторды жіктеу (разложение вектора), жылу алмасу (теплообмен), кесектеп жүктеу (блочное нагружение)* т.б. көптеген терминдер етістікті сөз тіркестерінің екінші атауыштық сипат алуымен туындаған.

Жоғарыдағы мысалдарда біз сөз тіркестерінің лексикалануы арқылы жасалған тіркесті техникалық терминдердің тұлғалық ерекшеліктерін зерделедік. Сондай-ақ қазақ тілінде техника саласында сөздердің бірігуі, қосарлануы арқылы да жасалған терминдер баршылық. Олардың да жасалуына лексикалану үдерісі негіз болған. Себебі біріккен, қосарланған терминдер құрамындағы сөздердің жеке тұлға кезіндегі мағыналары бірігіп, басқа бір мәнде жұмсалып, сол тұрғыдан терминге айналған. Мысалы, *жүккөтергіш (грузовой подъемник), іргетас (фундамент), өнертабыс (изобретение), дәнтасымалдағыш (зернотранспортер), дәнтұтқыш (зерноуловитель), қыржасағыш (гребнообразователь) майқайырғы (маслоотражатель), саңылауітлігіш (щелеватель)* т.б. терминдерді қарастырар болсақ, *жүккөтергіш* термині жүкті көтеру, *іргетас* – іргесін көтеруге негіз болар тас, *өнертабыс* – өздігінен ойлап шығарылған, яғни жеке адамның өнерімен, қабілетімен жасалған зат, *дәнтасымалдағыш* – дәнді тасымалдайтын құрал, *дәнтұтқыш* – дәнді ұстап қалатын құрал, *қыр жасағыш* – қыр жасайтын құрал, *майқайырғы* – майды бөліп көрсететін құрал, *саңылауітлігіш* – саңылау жасайтын құрал деген мағына білдіретін сөздердің тіркесуінен жасалып, терминжасам барысында біріккен сөзге айналған. Негізінен бұл терминдер жасап отырған сөздердің бірігіп жазылуы себебін олардың орыс тілінде жазылу тәртібін басшылыққа алып түсіндіруге болады.

Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған техникалық терминдерге келер болсақ, мысалға *кеңістіктік-қисықсызықты сырық (пространственно-криволинейный стержень), көшіру-көбейту машинасы (копировально-множительная машина), ілгерілемелі-айналмалы қозғалыс (поступательно-вращательное движение)* сияқты көптеген терминдерді атауға болады. Аталған терминдердің де қосарланып жазылуына орыс тіліндегі нұсқасының жазылу тәртібі негіз болғандығын байқаймыз.

Сонымен, техника саласындағы күрделі терминдердің жалпы тіл біліміндегі күрделі сөздер секілді сөз тіркестерінің лексикалануы арқылы туындағаны анықталды. Лексикаланған тіркестің компоненттері де дыбыстық жағынан да, құрылымдық жағынан да еш өзгеріске түспейді. Лексикаланған сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің жекеленген мағыналары мен грамматикалық байланыстары да өзгермейді, олар өз орындарында тұрып, біртұтас лексикалық мағынаға ие болады. Сол себептен де лексикаланған сөз тіркестерінен күрделі термин сөздер туындайды.

Жалпы терминдер жүйесіндегі, оның ішінде техника саласындағы, осы жолмен туындаған атаулар мен сөздік қорымыздағы осы үдеріс арқылы жасалған басқа да сөздердің өзіндік айырмашылығы бар. Тіл білімінде ертеден бар *ортан әсілік, су жылан, бойжеткен* сияқты күрделі сөздерге негіз болған сөз тіркесінің лексикаланып, бір мағына беруін көптеген жылдардың жемісі ретінде қарастырамыз. Ал терминдер жүйесінде атаулардың арнайы жасалатынын ескерсек, тіл білімінде ұзақ жылдар бойы қалыптасатын бұл үдерістің ғалымдар тарапынан термин жасау кезінде әдейі қолданылатынын аңғарамыз. Себебі сөз тіркестерінің лексикалануы – сөзжасамның ең өнімді тәсілдерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аблақов А., Исаев С., Ағланов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикализациялану процесі. Алматы, Санат, 1997-320 б.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы. Сөздік-Словарь, 2005 – 440 б.
3. Қазақ тілі энциклопедия. Алматы Қазақстан даму институты, 1998 – 509б.
4. Балақаев М., Сайранбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. Алматы, Санат 2003 – 240 б.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, Ана тілі. 1991-384б.
6. Н.Қаратышқанов. Пән сөздері. – Терминологиялық сөздік. – Алматы, «Ер-Дәулет», 2004 – 128 бет. (араб графикасынан кириллицаға көшіріп, сөздікті баспаға дайындағандар: Ш.Құрманбайұлы, О.Жұбаева).
7. Атаулар сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004 – 184 бет. (латын графикасынан кириллицаға көшіріп, сөздікті баспаға дайындағандар: Ш.Құрманбайұлы, О.Жұбаева).
8. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Механика және машинатану. Алматы, Рауан. 2000-328 б.

* * *

В статье рассматривается роль процесса лексикализации словосочетаний в образовании технических терминов казахского языка. Процесс лексикализации словосочетаний встречается в истории всех языков мира. Это один из древних и активных способов словообразования. Автор, изучая различные способы терминообразования путем лексикализации словосочетаний, определяет важную роль этого процесса в формировании технических терминов казахского языка. Для этой цели использует труды известных ученых, а также словари технических терминов.

* * *

The role of word-combinations' lexicalization process in the formation of technical terms of the Kazakh language is considered in the article. Word-combinations' lexicalization pro-

cess meets in the history of all the languages in the world. It is one of the most ancient and active methods of word formation. Author studying different methods of terms formation by the method of lexicalization of word combinations, defines a significant role of this process in the formation of technical terms of the Kazakh language. For this purpose the author uses works of famous scientists and also dictionaries of technical terms.

УДК 82. 09: 894.342

*Сулейменова Г.Е.
соискатель ЕНУ, г.Астана*

РОЛЬ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПЕРЕВОДА В ОБМЕНЕ КУЛЬТУРНЫМИ И ДУХОВНЫМИ ЦЕННОСТЯМИ

Историю культуры можно представить и как диалог, в котором участвуют творцы и осваиваемая ими действительность с одной стороны, и тексты культуры и их адресаты – с другой. Несомненно, что процессы создания и восприятия текста культуры – это всегда активные творческие процессы, основанные на диалогических отношениях, для которых характерна принципиальная незавершенность и открытость.

Культурные и литературные взаимосвязи между народами диалогичны по своей природе, но диалог культур предполагает участие более или менее широких слоев культурноязыковых общностей и поэтому невозможен без перевода; ведь именно в переводах шедевры мировой литературы известны гораздо большему числу читателей во всем мире, чем в оригинале – у себя на родине.

В «Статьях о писателях» Мопассана есть такие строки: «Среди писателей, чьи имена сохраняются для потомства, иной раз встречаются художники, занимающие совсем особое место в силу редкого совершенства и своеобразия их творчества. В отличие от тех, кто пишет слишком много, смешивая исключительное с банальным, удачные находки с избитыми фразами, - так что критику и читателю приходится проделывать тяжелую работу, чтобы отделить то ценное, что должно сохраниться, от того, что будет предано забвению, - эти художники, рождающие в муках, создают законченные произведения, совершенные как в целом, так и во всех деталях. И если даже не все их произведения пользуются у читателей одинаковым успехом, то всегда хотя бы одна из их книг остается в истории литературы с маркой «шедевр», подобно картинам великих мастеров, помещенных в квадратном зале Лувра». Аймауытов много читал Ги де Мопассана. Даже назвал его одним из любимых писателей. Несомненно, что французский классик оказал значительное влияние на творчество казахского писателя. Вот что пишет